

1 — кішкене башмак; 2 — алдыңғы қарсы жетек білігінің шкиві; 3 — табанша; 4 — керу шкиві; 5 — қапсырма; 6 — рычаг; 7 — сектор; 8 — калықтама транспортердің жетектеуші білігінің шкиві; 9 — тартпа.

Құбыр тәрізді балка 5 теңестіру серишелерінің блоктарын ілуге арналған. Кронштейндер 14 калықтама транспортердің, төменгі білігін асуға арналған, ол кронштейндер 15 жылжымалы калқан-ның, штапгаларын бекіту үшін қажет. Жатканы көтеретін гидроцилиндрді көлбеу корпуска қосу үшін кронштейн 9 қолданылады. Егер жатка доңғалакпен жүретін жартылай шыңжыр табанды комбайндарда пайдаланылатын болса, онда кронштейндерге қондырмалар жапсырылады, ал гидроцилиндрлер тесіктерге 7 бекітіледі. Басқа жағдайларда гидроцилиндрлер тесіктерге 6 бекітіледі.


Көлбеу корпусның бүйірлеріне подшинниктердің фланецті корпусы болттармен бекітілген, оған калықтама транспортердің білігі 10 орнатылған. Фланецті корпусардың тегіс беті 4 көлбеу корпусы молотилкара асатын цапфалар болып табылады.

Молотилканың алдыңғы тіректеріне алмалы-салмалы камыттары 50 бар кронштейндер ісіріліп бекітілген. Егер камыттарды 50 алып, калықтама транспортердің жоғарғы білігінің подшинниктер корпусын кронштейнге 49 кіргізіп, содан кейін камыттарды орындарына қойғанда топсалы қосылыс пайда болады.

Жатканың жұмыс органдарына қозғалыс молотилканың алдыңғы қарсы жетек білігінің шкивінен белдік арқылы беріледі. Бұл беріліс жатканы ажырату механизмдеріне де пайдаланылады. Егер керу шкивін белдіктен кейін қарай жылжытса, онда жатканың жұмыс органдарына берілетін қозғалыс тоқтайды.

Аспа және жатканы теңестіру механизмдерінің құрылысы мен қызметі көшірмелеу процесі төмендегіше жүргізіледі. Мына жағдайдан басталық, жатка гидроцилиндрлердің көмегімен көтерілген кезде башмақтар мен жер бетінің арасында біраз қашықтық 4 болады. Теңестіру рычагтары 3 көлбеу корпусының бүйіріндегі кронштейндерге 2 тіреліп тұрады: бүйірлік байланыс пайда болады. Мұның өзі жатка корпусының төменгі көшірілмеу калпы болып табылады. Бұл жағдайда жатка шнегі мен калықтама транспортердің тарақтары арасында ең үлкен қашықтық пайда болады.

Жер бедерін көшірмелеп жұмыс істеу үшін жатканың башмақтары топыраққа жанасқанша төмен түсіріледі. Бұл көшірмелеу кезіндегі жұмыс калпы болып табылады. Кронштейн 2 рычагтан 3 төмен тіркеледі — осы мезгілде олардың арасында саңылау пайда болады. Жатка корпусы бүйірлік байланыстарынан босатылады. Ол башмақтарымен жерге тіреледі, ал көлбеуі корпусымен тек орталық сфералық топса арқылы ғана жалғасқан. Жатка корпусы қисайған кезде тіректері 9 роликтер



Теңестіру рычагының транспорттық калпы